

БЕКІТЕМІН

Астана қаласы әкімдігінің
«Әдістемелік орталығы»
МКҚК басшысы

С. Дауешова
«13» 02 2024 жыл

**«Үздік бейне ұйымдастырылған іс-әрекет» қалалық байқауының
ЕРЕЖЕСІ**

I. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының мектепалды топтары, орта білім беру ұйымдары мектепалды сыныптарының педагогтері арасында «Үздік бейне ұйымдастырылған іс-әрекет» қалалық байқауының (бұдан әрі - Байқау) мақсаттары мен міндеттерін, өткізу тәртібі мен шарттарын айқындайды.

1.2. Байқау қашықтан өтеді.

1.3. **Мақсаты:** үздік бейне ұйымдастырылған іс-әрекеттерді іріктеу, педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру.

1.4. **Міндеттері:**

- білім беру ұйымдары педагогтерінің озық тәжірибесін анықтау және тарату;
- педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамытуға ықпал ету;
- «Елордалық электронды мектеп» (Elordamektep.kz) платформасы мен ақпараттық алаң жұмысын жандандыру.

2. Ұйымдастыру тәртібі және өткізу шарттары

2.1. Байқауды ұйымдастырушы - Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК.

2.2. Байқауды ұйымдастыру және өткізу үшін Ұйымдастыру алқасы құрылады.

2.3. Байқау материалдарын іріктеу мақсатында Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК басшысының бұйрығымен комиссия құрылады.

2.4. Байқау комиссиясы Әдістемелік орталықтың қызметкерлері, мектепке дейінгі ұйымдардың басшылары, білікті педагогтер, әдіскерлер, ата-аналар қоғамдастығының өкілдері, бұқаралық ақпарат құралдары және т.б. қатарынан құрылады.

2.5. Байқау комиссиясы ұсынылған материалдарды зерделейді және бағалайды, жеңімпаздарды анықтайды.

2.6. Комиссия мүшелері келесі құқықтарға ие:

- әр номинацияда орындардың қайталануына жол беру;
- лайықты үміткерлер болмаған жағдайда, жүлделі орындарды бермеу;

- техникалық ақауларға байланысты (қатысушы тарапынан) ашылмаған бейнематериалдарды қарамау;

- ұзақтығы осы Ережеде белгіленген уақыттан асатын бейнематериалдарды қарамау;

- Ережеде көрсетілген мерзімнен (2.7. тармақ) кеш жіберілген бейнематериалдарды қарамау.

2.7. Байқауға қатысу үшін Ереженің 1-қосымшасына сәйкес өтінім, 2-қосымшасындағы ұсыныстар ескеріле отырып әзірленген бейне материал «Үздік бейне ұйымдастырылған іс-әрекет» байқауының атауымен **2024 жылғы 10 наурызға дейін predshkola.2023@mail.ru** электронды поштасына жолданады. Көрсетілген мерзімнен кеш келіп түскен материалдар қаралмайды, сондай-ақ қайтарылмайды.

3. Қатысушыларға қойылатын талаптар және байқау шарттары

3.1. Өтінім (1-қосымша) Байқауды өткізу аясында болашақ қатысушының осы Ереженің шарттарын толық қабылдайтындығының, жеке деректерді өңдеуге келісім беретіндігінің дәлелі болып табылады.

3.2. Байқауға қатысушылардың бейне материалдары балалардың ойлауын, қабылдауын, сурет салуын және басқа да дағдыларын ойын түрінде дамытуға бағытталуы тиіс.

3.3. Қатысушы мектепке дейінгі білім беру ұйымындағы мектепалды топқа, мектептегі (лицейдегі, гимназиядағы) мектепалды сыныпқа арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкес 1 (бір) ұйымдастырылған іс-әрекет бейнеролигін ұсынуы қажет (мемлекеттік немесе орыс тілдерінде):

1. Сөйлеуді дамыту

2. Сауат ашу негіздері

3. Математика негіздері

4. Қоршаған ортамен таныстыру

5. Сурет салу

(берілген ұйымдастырылған іс-әрекеттерді жеке немесе кіріктірілген түрде алуға болады)

3.4. Байқау кезінде түсірілген бейнежазбаларға, оларды таратуға, сондай-ақ жариялауға (оның ішінде Интернет желісінде) барлық құқықтар Байқаудың ұйымдастыру комитетіне тиесілі және олар қатысушылардың келісімінсіз білім беру, әдістемелік мақсаттарда пайдалануы мүмкін.

3.5. Жіберілген бейнематериал рецензияланбайды және қайтарылмайды.

4. Мазмұнына қойылатын талаптар

4.1. Бейне ұйымдастырылған іс-әрекетке қойылатын талаптар:

- ҚР Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес әзірленуі тиіс.

- мектепалды сынып балаларының жас ерекшелігіне сәйкестігі;

- мазмұн сапасы;

- ҮІӘ құрылымының сақталуы;
- ресімделу және түсірілім сапасы;
- өзіндік ерекшелігі;
- шығармашылық дербестігін көрсетуі;
- материалдарды алдағы уақытта кеңінен пайдалану мүмкіндігі.

5. Бейнематериалдарға қойылатын техникалық талаптар

5.1. Форматы – mp4 - HD (1280x720) төмен болмауы тиіс.

5.2. Бейнематериалдың ұзақтығы - 8 минуттан 15 минутқа дейін.

5.3. Үшінші тараптағы аудио және бейнеконтент өндірушілерінің авторлық құқықтары сақталуы тиіс.

6. Қорытындылау, жеңімпаздарды марапаттау

6.1. «Үздік бейне ұйымдастырылған іс-әрекет» байқауының қорытындысы бойынша

- I орын

- II орын

- III орын

- «Шығармашыл педагог»;

- «Жаңашыл педагог»;

- «Ізденімпаз педагог» номинациялары анықталады және комиссияның шешімі бойынша қосымша орындар мен номинациялар берілуі мүмкін.

6.2. Байқау жеңімпаздары Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК дипломдарымен марапатталады,

6.3. Бейнематериал Байқаудың критерийлеріне сәйкес келген жағдайда қатысушыларға сертификат беріледі.

6.4. «Үздік бейне ұйымдастырылған іс-әрекет» байқауының қорытындысы Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК <https://astana-modern.edu.kz/> сайтында және әлеуметтік желілерде жарияланатын болады.

Анықтамалар үшін телефон: 8 (7172) 48-11-57

**«Үздік бейне ұйымдастырылған іс-әрекет»
қалалық байқауына қатысуға
ӨТНІМ**

Мені байқауға қатысуға жіберуіңізді сұраймын.
Өзім туралы мына ақпараттық қарғаны ұсынамын:

**«Үздік бейне ұйымдастырылған іс-әрекет»
қалалық байқауына қатысушының ақпараттық қарғасы**

| | |
|------------------|---------------------|
| (фото 4×6 см) | _____ |
| | (тегі) |
| | _____ |
| | (аты, әкесінің аты) |

Бейне ұйымдастырылған іс-әрекеттің /
файлдың атауы

1. Жұмыс орны

| | |
|---|--|
| Жұмыс орны (Жарғыға сәйкес білім беру ұйымының атауы) | |
| Атқаратын лауазымы | |
| Жалпы жұмыс және педагогикалық өтілі (қарғаны тоқтыру кезіндегі толық жыл) | |
| Қазіргі кезде қандай топтарда/сыныптарда жұмыс істейсіз | |
| Біліктілік санаты | |
| Құрметті атақтары мен марапаттары (атауы және алынған күні) | |

2. Білімі

| | |
|---|--|
| Кәсіптік білім беру ұйымының атауы, бітірген жылды, факультеті | |
| Диплом бойынша мамандығы, біліктілігі | |
| Біліктілікті арттыру курстары (соңғы үш жылда) | |
| Басшылар (соңғы үш жылда) | |

3. Қоғамдық қызмет

| | |
|---------------------------------------|--|
| Әдістемелік бірлестік жұмысына қатысу | |
|---------------------------------------|--|

| | |
|--|--|
| Республикалық, облыстық, халықаралық бағдарламалар мен жобаларды әзірлеуге және іске асыруға қатысу (қатысу мәртебесін көрсете отырып) | |
| 4. Байланыстар | |
| Ұялы телефон | |
| Жеке электрондық пошта | |
| Білім беру ұйымы ресми сайтының мекенжайы | |
| | |
| | |

Байқауға қатысушының жеке қолы _____

Білім беру ұйымы басшысының қолы _____

М.О.

« ____ » _____ 2024 ж.

**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің бейне жазбасын дайындауға
ұсынымдар**

1. Ұйымдастырылған іс-әрекеттің жоспарын дайындаңыз. Материалдың мазмұндылығы мен ақпараттылығына, қолжетімділігіне және қысқа болуына назар аудара отырып, ҰІӨ барысын нақты жазуыңыз қажет. Ұйымдастырылған іс-әрекет барысында ойынға баса назар аударылады.
2. Бейнероликті құруда сөзді көрнекілікпен бірге қолданыңыз. Сөзіңізді неғұрлым көркем ету үшін интернеттен лайықты суреттерді, қажет заттарды табыңыз немесе *PowerPoint* бағдарламасымен презентация құрастырып, алынған лайықты суреттерді баланың жас ерекшелігіне сәйкес келуін қадағалаңыз, дайындалған материалды дыбыстаныз.
3. Жеке қасиеттеріңізге назар аударыңыз: жалпы эрудиция, балалармен қарым-қатынас жасау стилі, сөйлеу мәдениеті мен сауаттылығы (дикция, қарқын, көркем сөйлеу), оқу материалын бірнеше рет дауыстап айтып, дайындалу қажет.
4. Камера мен микрофонды тандаңыз. Бейнероликтің табысты болуының басты шарттарының бірі - бейне мен дыбыстың айқындығы, камераның «дірілі» мен дыбыс қаттылығының ауытқуын болдырмау, кадрда бөгде заттар мен шулы кедергілердің болмауы.
5. Бейнероликті жазыңыз және оны өңдеңіз. Бейнероликті бөліктермен жазуға, содан кейін оны құрастыруға болады.
6. Ұйымдастырылған іс-әрекеттің бейнеролигі электронды түрде **predshkola.2023@mail.ru** электронды поштасына жіберіледі.